



Х.ДОСМҰХАМЕДОВ АТЫНДАҒЫ АТЫРАУ УНИВЕРСИТЕТІ





Х. Досмұхамедов атындағы Атырау университеті экологиялық білім беруді дамыту, циркулярлық экономика қағидаттарын ілгерілету, қалдықтарды бөлек жинау тәжірибесін енгізу, сондай-ақ ресурстарды ұтымды пайдалануға және қоршаған ортаға түсетін экологиялық жүктемені азайтуға бағытталған ғылыми зерттеулерді жүзеге асыру арқылы БҰҰ-ның №12 Тұрақты даму мақсаты — «Жауапты тұтыну және өндіру» мақсатына қол жеткізуге өз үлесін қосуда.

Бұл Атырау университеті үшін нені білдіреді?



Университет жауапты тұтыну мен өндірісті тұрақты дамудың маңызды құрамдас бөлігі ретінде қарастырады. Білім алушылардың экологиялық мәдениетін қалыптастыруға, қалдықтарды басқарудың заманауи әдістерін енгізуге, экологиялық инновацияларды дамытуға және табиғи ресурстарды тұрақты пайдалану саласындағы ғылыми зерттеулерді қолдауға ерекше көңіл бөлінеді.



Қалдықтарды басқару және циркулярлық экономика

Университет қызметінің негізгі бағыттарының бірі — қалдықтарды бөлек жинау және ресурстарды қайта пайдалану мәдениетін қалыптастыру.

2022 жылдан бастап университет «Экодаму» ұйымымен ынтымақтастық орнатып, қалдықтарды бөлек жинау және макулатураны тұрақты түрде жинау бағдарламасын жүзеге асырып келеді.

Студенттер мен қызметкерлер арасында экологиялық мәдениетті дамыту бойынша жүргізілген жүйелі жұмыстардың нәтижесінде университет жоғары оқу орындары, колледждер мен мектептер арасында макулатура жинау бойынша Атырау қаласының ТОП-5 ұйымының қатарына енді. Экологиялық бастамалар аясында білім алушылар қалдықтарды азайтуға және жауапты тұтыну қағидаттарын ілгерілетуге бағытталған жобаларға белсенді қатысады.





Экологиялық білім беру және экологиялық мәдениетті қалыптастыру



Университетте экологиялық сауаттылықты арттыруға және экологиялық жауапты мінез-құлықты қалыптастыруға бағытталған білім беру іс-шаралары тұрақты түрде өткізіледі. «Қолданбалы экология», «Экоаналитика» және «Қалдықтарды басқару» білім беру бағдарламаларының студенттері үшін West Dala компаниясы мамандарының қатысуымен «Қалдықтар мен төгінділерді басқару» тақырыбында қонақ дәрісі ұйымдастырылды. Қатысушылар қалдықтарды басқарудың заманауи әдістерімен, ластануды жою технологияларымен және экологиялық қауіпсіздіктің практикалық аспектілерімен танысты.

Экологиялық мәдениетті дамытуға «Қалдықтарды бөлек жинау: енгізу тәжірибесі және нәтижелері» атты ашық сабақ, сондай-ақ қалдықтарды сұрыптау, экологиялық жауапты өмір салты және тұрақты тұтыну мәселелеріне арналған «Экологиялық этикет» тренингі де өз үлесін қосты.



Экологиялық инновациялар және студенттік жобалар

Экологиялық «Экос» үйірмесінің қызметі циркулярлық экономика қағидаттарын дамытуға елеулі үлес қосуда.

«Таза Қазақстан» жалпыұлттық акциясы аясында өңірдің өзекті экологиялық мәселелерін шешуге бағытталған студенттердің инновациялық экологиялық жобалары ұсынылды. Олардың қатарында:

- шыны қалдықтарын пайдалана отырып, эпоксидті шайырдан бұйымдар жасау;
- күкірт қалдықтарынан күкіртбетон өндіру;
- темекі қалдықтарын пайдалана отырып, төсемтас өндіру;
- жергілікті шикізаттан биопластик әзірлеу.

Аталған жобалар ресурстарды қайта пайдалану қағидаттарының тәжірибеде қолданылуын және қалдықтарды қайта өңдеудің экологиялық қауіпсіз технологияларын дамытуды көрсетеді.

Сонымен қатар «Қалдықсыз өмір салты» тақырыбында жобаларды қорғау ұйымдастырылды. Оның аясында студенттер 5R (Refuse, Reduce, Reuse, Recycle, Rot) қағидатына және қалдықтарды тұрақты басқарудың заманауи тәсілдеріне негізделген шешімдерін ұсынды.



Тұрақты өндіріс және экологиялық жауапкершілік



Университет қызметінің маңызды бағыттарының бірі — бизнестің экологиялық жауапкершілігі мен тұрақты өндіріс мәселелерін зерттеу. Студенттер үшін «Ембімұнайгаз» компаниясы мамандарының қатысуымен «Өндіріс экологиясы. Өндірістің көміртегі ізі» тақырыбында қонақ дәрісі ұйымдастырылды. Дәріс барысында өндірістік үдерістердің қоршаған ортаға әсерін төмендетудің заманауи тәсілдері, шығарындыларды мониторингтеу әдістері және корпоративтік экологиялық жауапкершілік бағдарламалары қарастырылды.

Сонымен қатар экономика кафедрасында «Атырау облысы Жылыой ауданында ротациялық жайылым жүйесін енгізу» ғылыми жобасы жүзеге асырылды. Жоба жер ресурстарын тұрақты пайдалануға және өңірдің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған.



Зерттеулер мен инновациялар

Университет ғалымдары ресурстарды пайдалану тиімділігін арттыруға, материалдарды қайта өңдеуге және экологиялық тұрақты технологияларды дамытуға бағытталған зерттеулер жүргізуде.

Ғылыми әзірлемелер мен жарияланымдардың қатарында:

- AP19679897 — «Мұнай коксын өндіру үдерісін басқаруға арналған шешім қабылдауды қолдаудың зияткерлендірілген жүйесін әзірлеу»;
- Recycling of Polypropylene with Vitamin E Additives: Rheological Properties and Mechanical Characteristics;
- Environmental-Economic Instruments of Environmental Policy;
- «Атырау облысында экологиялық таза көкөністерге тұтынушылық сұранысты маркетингтік зерттеудің аналитикалық шолуы»;
- «Қазақстан Республикасының тұрғын үй шаруашылығын энергиямен қамтамасыз етуді талдау»;
- экологиялық қауіпсіз мұзға қарсы препаратты әзірлеу.

Аталған зерттеулердің нәтижелері экологиялық тұрақты өндірісті дамытуға, ресурстарды ұтымды пайдалануға және циркулярлық экономика қағидаттарын енгізуге ықпал етеді.



ТДМ 12-ГЕ ҚОЛ ЖЕТКІЗУДЕГІ БОЛАШАҚ ҚАДАМДАР

Х. Досмұхамедов атындағы Атырау университеті циркулярлық экономиканы дамытуға, ресурстарды ұтымды пайдалануға және студенттер мен қызметкерлер арасында экологиялық жауапты мінез-құлықты қалыптастыруға бағытталған бастамаларды жүзеге асыруды жалғастырады.

Дамудың басым бағыттары:

- университет аумағында қалдықтарды бөлек жинау және қайталама ресурстарды қайта өңдеу жүйесін кеңейту;
- экологиялық ұйымдармен және қалдықтарды қайта өңдеу кәсіпорындарымен ынтымақтастықты дамыту;
- экологиялық технологиялар саласындағы студенттік стартаптар мен инновациялық жобаларды қолдау;
- циркулярлық экономика қағидаттарын білім беру үдерісі мен ғылыми зерттеулерге енгізу;
- экологиялық ағарту жұмыстарын және тұрақты өмір салтын қалыптастыру бағдарламаларын кеңейту;
- қалдықтарды қайта өңдеу, ресурстарды үнемдеу және экологиялық қауіпсіз өндіріс саласындағы зерттеулерді дамыту;
- практикалық экологиялық бастамаларға қатысу арқылы білім алушылардың экологиялық жауапкершілігін арттыру.

Осы бағыттарды іске асыру университеттің тұрақты өндіріс пен тұтыну модельдерін дамытуға, сондай-ақ БҰҰ-ның №12 Тұрақты даму мақсаты — «Жауапты тұтыну және өндіру» мақсатына қол жеткізуге қосатын үлесін арттыруға мүмкіндік береді.

